

**2021 жылғы 12 қазандағы «М.Алимбаев атындағы ЖОМ» КММ  
Қамқоршылық кеңесі отырысының  
№ 2 ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ**

**Қатысқандар: 12( қамқоршылық кеңесінің 11 мүшесі, хатшы )  
Қатыспағандар: 0**

**I. Күн тәртібі**

1. Мектептің 1 тоқсандағы оқу қызметінің қорытындысы.
2. Мектеп олимпиадасының нәтижелері.
3. ҚР БҒМ 03.11.2021 ж.№ 547 бұйрығына сәйкес оқушыларды қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру.
4. 1 тоқсанда карантинде болған КВИ-мен ауырған оқушылар және сыныптар бойынша ақпарат.

**II. Тыңдалды**

Д.Б. Мұхтар – мектеп басшысы мектептің 1 тоқсандағы оқу қызметінің қорытындылары туралы айтып берді. Өткен оқу жылымен салыстырмалы талдау жасалды. 2020-2021 жылдары сынып – жиынтықтар саны 15 – сыныпты құраса, 2021-2022 оқу жылы 37 сынып болды. 1 тоқсандағы бастауыш сынып оқушыларының білім сапасы 77%, 5-11 сынып - 85 %. Ата –аналар назарына мектеп олимпиадасының қорытындысы бойынша презентация ұсынылды, параллельдер , сыныптар және т.б. бойынша нәтижелер айтылды.

Үшінші сұрақ бойынша мектеп басшысы ата – аналарды ҚР БҒМ 03.11.2021 ж.№ 547 бұйрығының негізгі тармақтарымен таныстырып өтті. Білім беру ұйымдары қашықтықтан оқытуды ұсынады:

1. Денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік – кеңестік комиссияның қорытындысы бар білім алушыларға;
2. Қатысу кезеңінде халықаралық, республикалық оқу – жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстар мен фестивальдарға қатысушыларға;
3. Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларға ата- аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтініші бойынша педагогикалық кеңестің және қамқоршылық кеңестің белгілі бір кезеңге және т.б. шешімі бойынша беріледі.

Төртінші сұрақ бойынша 1 тоқсанда карантинде болған ковид және сынып оқушылары туралы ақпарат бойынша сөйледі. Мектепте 10 оқушы ауырып 10 сынып карантинде болды.

**Шешім:**

1. Мектеп басшысы Д.Б.Мұхтардың мектептің 1 тоқсандағы оқу қызметінің қорытындылары туралы ақпараты назарға алынсын.
2. Білім алушылардың заңды өкілдерінің өтінішіне сәйкес қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру.

Дауы беру қорытындысы:

Қолдады: 11

Қарсы: 0

Қалыс қалды: 0

ҚК төрайымы:  Калина И.С.  
ҚК хатшысы:  Аубакирова С.Т.